

**«Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің  
Жайма жалпы орта білім беру мектебі» КММ**

**Ата-аналар жиналысының хаттамасы**

**Өткізілген күні:** 26.10.2020

**Қатысқандар:** 41

**Күн тәртібінде:**

1. 2020-2021 оқу жылының I тоқсанында білім беру ұйымдарын ұстауға бюджеттен бөлінген қаражатты жұмсау қажеттілігін хабарлау. Мектеп директоры Г.А.Мухтарова
2. Әртүрлі мәселелер.

**Тыңдалды:**

1. Мектеп директоры Г.Мухтарова сөз алды: 2020-2021 оқу жылының I тоқсанында мектептен 30000 /отыз мың/ теңге антисептик 1500 теңгеден 20 литр алуға жұмсалды, 42 500 /қырық екі мың бес жүз/ теңге – 500 дана 85 теңгеден бетперде алуға, 20 000 /жиырма мың/ теңге 2 дана дезкілемше және сұйық затына, 30 000 /отыз мың/ теңгеге кварцқа, 27 000 /жиырма жеті мың/ теңге тепловизор алуға, 4000 /төрт мың/ теңге 2 дана санитайзер алуға жұмсалды. Жаз мезгілінде мектебіміздің ағымдағы күрделі жөндеу жұмыстарына жалпы 400 000 /төрт жүз мың/ теңге қаражат жұмсалды. Мектебіміздің 1,2-кабаттарындағы жылы дәретханаға жазғы уақытта күрделі жөндеу жұмыстары жасалды, оған бөлінген қаражат сомасы – 917 000 /тоғыз жүз он жеті мың/ теңгені құрап отыр.
2. Мектеп ұжымы мен мектеп оқушыларында барлық санитарлық талаптар қатаң сақталады. Оқу жылының басында камкоршылық кеңесінің мүшелері қайта сайланып, сабақ кестесі камкоршылық кеңесінің төрағасымен келісілген түрде құрылды, санитарлық талаптарға сай 5-11-сынып оқушыларының факультатив сабақтары сенбі күніне қойылды.
3. Мектепте ауыз су мәселесі мен маскалық режим туралы сынып жетекшілер сіздермен де, оқушылармен де күнделікті жұмыстар атқарады. Балалар мектепке өздері ішетін суларын бөтелкеге құйып әкеледі деп шешілген. Әрине қазіргі уақытта мектептен ыстық тамақпен қамтылу қарастырылмағандықтан, балалардың дұрыс, уақытылы тамақтануын қатаң

қадағалануын сұрады. Оқушылардың сабақ үлгерімдері жайлы сынып жетекшілер өздеріңізбен қосымша жұмыстар атқарады.

### Сөйлегендер:

І.К.А.Ербаева, көпбалалы ата-ана. Мектептің күрделі жұмысы көңілімізден шықты. Мектеп жарық, жылы екенін білеміз. Балалардың сапалы білім алуына жағдайлар толығымен жасалған. Асхананың жұмыс жасамай тұрғаны болмаса, көңіліміз жайлы. Балаларымыз жылы дәретхана барады, далаға тоңып шығып жүрген жоқ. Бала тәрбиесіне қосып жатқан еңбектеріңіз ерен, еңбектеріңіз әрқашан бағалана берсін.

### Қаулы етті:

1. 2020-2021 оқу жылының I тоқсанында жұмсалған қаражат көлемімен басқа да ата-аналар таныстырылсын.
2. Санитарлық талаптардың қатаң сақталуы жалғастырылсын.
3. Ата-аналар балалардың дұрыс тамақтануын, сабақ үлгерімдерін қадағалауға алысын.

Төраға  (К.Т.Айтбаев)

Хатшы  (А.К.Боранбаева)